

Ленин жұлдызы

Шығуына
26-шы жыл
№ 156
(6857)
1944 жыл
Сейсенбі
8 август
Жеке саны
20 тыйын

КК(Ф)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, Кеңесінің және КК(Ф)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы Кеңестер Одағының Маршалы КОНЕВҚА

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, СТРЫЙ өзенінен өтті, сөйтіп бүгін, 5 августа, үлкен темір жол торабы және дұшпанның Карпат тауларының етегіндегі маңызды тіректі қорғану бекінісі—СТРЫЙ қаласын тіке шабуылмен алды.

СТРЫЙ қаласын алу ұрыстарында генерал-полковник ГРЕЧКОНЫН, генерал-лейтенант ШЕВЕРДИННИН, генерал-майор ЛАЗЬКОНЫН, генерал-майор ГОРДЕЕВТИН, полковник ИВАНЧУРДЫН, полковник ПЕРАСИМОВТЫН, полковник ПАХОМОВТЫН, полковник ЯНКОВСКИЙДИН, полковник ГРИНЧЕНКОНЫН әскерлері; артиллерия генерал-майоры БРИЧЕНОКТЫН, полковник БРОЗГОЛЬДИН зенбірекшілері; танк әскерлерінің генерал-майоры РАЙКИННИН, подполковник СТРЕЛЕЦТИН танкшілері; авиация генерал-полковнигі КРАСОВСКИЙДИН ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ТУПИЧЕВТИН саперлері; полковник БЕЛЯНЧИКТИН байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне СТРЫЙ қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «СТРЫЙ» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 5 августа, 23 сағат 30 минутта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зенбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, 1-УКРАИН майданының СТРЫЙ қаласын алған айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

СТРЫЙ қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!
Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН.
1944 жылғы 5 август.

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы Генерал-полковник ПЕТРОВҚА

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай күшейте отырып, бүгін, 6 августа, Карпат арқылы өтетін асулардың іргесіне қамал болған, қатынас жолдарының маңызды торабы және дұшпанның тіректі қорғану бекінісі, Украинаның ірі өнеркәсіп және облыс орталығы—ДРОГОБЫЧ қаласын тіке шабуылмен алды.

ДРОГОБЫЧ қаласын алу ұрыстарында генерал-полковник ГРЕЧКОНЫН, генерал-майор ГОРДЕЕВТИН, генерал-майор ЛАЗЬКОНЫН, полковник ДРЯХЛОВТЫН, полковник ГРИНЧЕНКОНЫН, полковник ПАХОМОВТЫН, полковник ИВАНЧУРДЫН әскерлері; артиллерия генерал-майоры БРИЧЕНОКТЫН, полковник БРОЗГОЛЬДИН, генерал-майор ЖИБУРКУСТЫН, полковник УРМАНОВТЫН, полковник НОВИКОВТЫН зенбірекшілері; танк әскерлерінің генерал-майоры РАЙКИННИН, подполковник СТРЕЛЕЦТИН танкшілері; авиация генерал-майоры САМОХИННЫН, авиация генерал-лейтенанты НАНЕЙШВИЛИДИН, полковник КОТЕЛЬНИКОВТЫН ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ТУПИЧЕВТИН, полковник ОСТАПОВТЫН, майор ВОРОНОВТЫН, майор МАРХОРЯННЫН, майор ШИШОВТЫН саперлері; полковник БЕЛЯНЧИКТИН, подполковник ЕНЦЕВТИН, подполковник МИШИННИН байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне ДРОГОБЫЧ қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ДРОГОБЫЧ» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 6 августа, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зенбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, 4-УКРАИН майданының ДРОГОБЫЧ қаласын алған айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ДРОГОБЫЧ қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!
Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ
И. СТАЛИН.

1944 жылғы 6 август.

КЕҢЕС ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

5 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

5 августа РЕЗЕКНЕ (РЕЖИЦА) қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары жүргізе отырып, 60тан аса елді жерлерді, оның ішінде ВИКШНИ, САЛЕНЕЖКИ, ЛАБАНЫ, РОМУЛИ, ЗЕЛТЫНИ, ДАРКЕВИЧИ, ОДЗИЕНА, РУЦАНИ, МЕЖРАТИТЕС, СИКСТУЛИ қыстақтарын алды.

КАУНАС (КОВНО) қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға ілгерлей отырып, 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде ДИДЗЮЛИ, КАЛЬНИШКИ, БУТКИШКИ, КРУКИ, ИЛГОВО, ЮРГБУДЗЕ, СТОШКИ, ДЫДВИЖЕ, ДРЕЙБУЛИНЫ, СЕМЕНЕЛИШКИ үлкен қыстақтарын алды.

СЕДЛЕЦ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз 70-тен аса елді жерлерді, оның ішінде КАМЕНЬЧИК, ДЗЕЖЬБИ, ЯБЛОННА, РОГУВ, ЖУХУВ, ЯРОСЛАВЫ, КОВЕСЫ, СЬВИНЯРЫ, МОКОБОДЫ, МЕНЧИН, ПРОШЕВ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

САН және ВИСЛА өзендерінің тоғсыған жеріндегі үшкілде әскерлеріміз дұшпанның табан тіреген позициясын жою үшін ойдағыдай ұрыстар жүргізе отырып, РОЗВАДУВ, ТАРНОБЖЕГ қалаларын, сол сияқты 30дан аса басқа да елді жерлерді, оның ішінде МАЙДАН, СҚОВЕЖИН, ВЖАВЫ, ГОЖИЦЕ, СОБУВ, МОКШИШУВ үлкен қыстақтары мен РОЗВАДУВ, ЗЫДНЮВ, СОБУВ, ТАРНОБЖЕГ темір жол станцияларын алды.

САНДОМИР қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауында табан тіреген позициясының кейіту үшін ұрыстар жүргізе отырып, бірнеше елді жерлерді алды.

ЖЕШУВ қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде ВОЙКОВ, РОЖНЯТЫ, МЛОДОХУВ, ЦЫРАНКА үлкен қыстақтары мен ПАДЕВ, ЯСЬЛЯНЫ, ХОЖЕЛИОВ темір жол станцияларын алды.

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, СТРЫЙ өзенінен өтті, сөйтіп 5 августа, үлкен темір жол торабы және немістердің Карпат тауларының етегіндегі маңызды тіректі қорғану бекінісі—СТРЫЙ қаласын тіке шабуылмен алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс жоқ.
4 августа әскерлеріміз барық майдандарда немістердің 128 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректерімен дұшпанның 85 самолеті атып түсірілді.

5 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

6 августа ПСКОВ қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, 30дан аса елді жерлерді, оның ішінде ШУБЕНКИ, ЛАПКОВА, ЛАУРА, ЗАХАРЬЕВА, ҚУСТОВКА, ЛЮБЯТОВА, БЛУМРЕЙНИ, СВЯРИ, ДУНДУРИ, МЕЖАГАЙЛИ қыстақтарын алды.

РЕЗЕКНЕ (РЕЖИЦА) қаласының батыс жағында әскерлеріміз 40тан аса елді жерді, оның ішінде ВИЛКАТЭ, ЯНУЗЕМИ, ЛЬЕГРАДЭ, КРИПАНЫ СИЛГАЛИ қыстақтары мен МЕЖЦИЭМС темір жол станциясын ұрыспен алды.

КАУНАС (КОВНО) қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінен өтіп, 30дан аса елді жерлерді, оның ішінде МИЛОШАЙЦЕ, МАНКУНЫ, РОЖАЙЦЫ, ИОДАЙЦЕ, ПОГОВСАНЦЫ, КАРАЛЬГИРЫ, ВАМБОЛЕ қыстақтарын ұрыспен алды.

САНДОМИР қаласының шығыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің оң жақ жағалауындағы, Сан өзенінің оң жақ жағалауындағы, Сан өзенінің құйылысынан ТАРНОБЖЕГ қаласына дейінгі дұшпанның табан тіреген қамалын жойды.

ЖЕШУВ қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз МЕЛЕЦ қаласы мен темір жол станциясын алды және ВИСЛОКА өзенінен өтіп, оның батыс жағалауында 20дан аса елді жерлерді, оның ішінде ОСТРУВЕК, УЙСЬШЕ, БОРОВА, ГЛИНЫ, МАЛЫ, САДКОВА, ГУРА, СУРОВА, ЛЫСАКУВЕК, ГРАДЫ, ВОЛЯ ПЛАВСКА, ЗЛОТНИКИ, СЕНДЗЯМОВИЦЕ үлкен қыстақтарын алды.

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай күшейтіп, 6 августа, қатынас жолдарының маңызды торабы және дұшпанның тіректі қорғану бекінісі, облыс және өнеркәсіп орталығы ДРОГОБЫЧ қаласын тіке шабуылмен алды, сол сияқты 50 ден аса басқа да елді жерлерді, оның ішінде Дрогобыч облысының аудан орталығы МЕДЕНИЦА қаласын, Станислав облысының аудан орталығы БОЛЕХОВ қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс жоқ.
5 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 151 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректерімен дұшпанның 108 самолеті атып түсірілді.

Псков қаласының оңтүстік-батыс жағында дұшпан өзінің бұрынғы дайындаған қорғану шебіне бекініп, қатты қарсылық көрсетті. Кеңес гвардияшылары күшті зенбірек атысынан кейін шабуылға шығып немістердің қорғану шебін бұзып өтті. Шабуылды күшейте отырып, әскерлеріміз Лаура қуатты қорғану бекінісін солтүстік және оңтүстік-батыс жақтан орап алды да бір мезгілде үш жақтан соққы беріп неміс гарнизонын талқандады. 600ден аса гитлершілдер қырылды. Дұшпаннан олжа және адамдар қолға түсірілді.

Каунас (Ковно) қаласының солтүстік-батыс жағында Дубисса өзенінің алқабында ұрыстар жүргізілді. Кеңес әскерлерін Дубиссадан өткізбеу үшін немістердің жасаған барлық әрекеті іске аспайды. Сапер бөлімшелеріміз дұшпан жаудырған оққа төтеп бере отырып көпірге жетті. Кеңес жаяу әскерлері, оның ішінде танктеріміз бен зенбіректеріміз өзеннен өтті де немістерге тап берді. Қатты ұрыстардан кейін әскерлеріміз кең учаскеде Дубисса өзенінің батыс жағалауын гитлершілдерден тазартты. Бір күнгі ұрыстарда бір полктей неміс жаяу әскерлері жойылды.

Каунас қаласының батыс жағында дұшпан қатты қарсылық көрсетті. Немістер үздіксіз тың күштерін әкеліп жатты. Германиядан жаңа ғана келген «Шығыс Пруссия» 1-гренадер дивизиясы ұрысқа қосылды.

Бүгінгі болған ұрыстардың нәтижесінде кеңес жаяу әскерлері мен танкшілері дұшпанның көптеген атыс ұялары мен және сауытталған қалпақтармен берік жабдықталған танкке қарсы терең орлағы мен траншеялардың 3 шебін бұзып өтті. Ұрыс даласында жаудың 800 өлігі қалды. Немістердің 26 танкі және көптеген зенбіректері жойылды.

4-Украин майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай күшейтті. Кеңес бөлімдері батпақты жерден өтіп Меденица қаласын алды да Дрогобычке төнді. Карпат арқылы өтетін асулардың іргесіне қамал болған, қатынас жолдардың маңызды торабы және дұшпанның тіректі бекінісі—Дрогобычты қорғауға дұшпан ірі күштерін әкеліп келді. Әскерлеріміз жаудың қарсылығын жеңіп және оны өкшелете қуа отырып қалара жақындады. Бүгін әскерлеріміз Украинаның облыс орталығы—Дрогобыч қаласын тіке шабуылмен алды. Дұшпан адам күші және техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырады. Дұшпаннан оқ-дәрі, азық-түлік және соғыс мүлкі қойылған ірі складтар, көптеген вагондар, паровоздар, автомашиналар тағы басқа олжа қолға түсірілді.

Қызылтулы Балтық Флотының авиациясы Фин қолтығында дұшпанның 2 традиция мен 1 күзет катерін суға батырды.

Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев жолдасы Қазақ КСР Сыртқы Істер Халық Комиссары етіп тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев жолдас Қазақ КСР Сыртқы Істер Халық Комиссары болып тағайындалсын.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі Э. ҚАЗАҚБАЕВ.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Секретарі С. НУРМАҒАМБЕТОВ.

Алматы қаласы.
1944 жылғы 4 август.

Ленин жұлдызы

Шығуына
26-шы жыл
№ 156
(6857)
1944 жыл
Сейсенбі
8 август
Жеке саны
20 тыйын

КК(Ф)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, Кеңесінің және КК(Ф)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы Кеңестер Одағының Маршалы КОНЕВҚА

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, СТРЫЙ өзенінен өтті, сөйтіп бүгін, 5 августа, үлкен темір жол торабы және душпанның Карпат тауларының етегіндегі маңызды тіректі қорғану бекінісі—СТРЫЙ қаласын тіке шабуылмен алды.

СТРЫЙ қаласын алу ұрыстарында генерал-полковник ГРЕЧКОНЫН, генерал-лейтенант ШЕВЕРДИННИН, генерал-майор ЛАЗЬКОНЫН, генерал-майор ГОРДЕЕВТИН, полковник ИВАНЧУРДЫН, полковник ПЕРАСИМОВТЫН, полковник ПАХОМОВТЫН, полковник ЯНКОВСКИЙДИН, полковник ГРИНЧЕНКОНЫН әскерлері; артиллерия генерал-майоры БРИЧЕНОКТЫН, полковник БРОЗГОЛЬДИН зенбірекшілері; танк әскерлерінің генерал-майоры РАЙКИННИН, подполковник СТРЕЛЕЦТИН танкшілері; авиация генерал-полковнигі КРАСОВСКИЙДИН ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ТУПИЧЕВТИН саперлері; полковник БЕЛЯНЧИКТИН байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне СТРЫЙ қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «СТРЫЙ» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 5 августа, 23 сағат 30 минутта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зенбіректен онекі дүркін артиллерия оғын атып, 1-УКРАИН майданының СТРЫЙ қаласын алған айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

СТРЫЙ қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!
Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ И. СТАЛИН.
1944 жылғы 5 август.

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы Генерал-полковник ПЕТРОВҚА

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай күшейте отырып, бүгін, 6 августа, Карпат арқылы өтетін асулардың іргесіне қамал болған, қатынас жолдарының маңызды торабы және душпанның тіректі қорғану бекінісі, Украинаның ірі өнеркәсіп және облыс орталығы—ДРОГОБЫЧ қаласын тіке шабуылмен алды.

ДРОГОБЫЧ қаласын алу ұрыстарында генерал-полковник ГРЕЧКОНЫН, генерал-майор ГОРДЕЕВТИН, генерал-майор ЛАЗЬКОНЫН, полковник ДРЯХЛОВТЫН, полковник ГРИНЧЕНКОНЫН, полковник ПАХОМОВТЫН, полковник ИВАНЧУРДЫН әскерлері; артиллерия генерал-майоры БРИЧЕНОКТЫН, полковник БРОЗГОЛЬДИН, генерал-майор ЖИБУРКУСТЫН, полковник УРМАНОВТЫН, полковник НОВИКОВТЫН зенбірекшілері; танк әскерлерінің генерал-майоры РАЙКИННИН, подполковник СТРЕЛЕЦТИН танкшілері; авиация генерал-майоры САМОХИННЫН, авиация генерал-лейтенанты НАНЕЙШВИЛИДИН, полковник КОТЕЛЬНИКОВТЫН ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ТУПИЧЕВТИН, полковник ОСТАПОВТЫН, майор ВОРОНОВТЫН, майор МАРХОРЯННЫН, майор ШИШОВТЫН саперлері; полковник БЕЛЯНЧИКТИН, подполковник ЕНЦЕВТИН, подполковник МИШИННИН байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне ДРОГОБЫЧ қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ДРОГОБЫЧ» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 6 августа, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зенбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, 4-УКРАИН майданының ДРОГОБЫЧ қаласын алған айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ДРОГОБЫЧ қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!
Неміс басқыншылар құртылсын!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ
КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МАРШАЛЫ
И. СТАЛИН.

1944 жылғы 6 август.

КЕҢЕС ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

5 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

5 августа РЕЗЕКНЕ (РЕЖИЦА) қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, 60тан аса елді жерлерді, оның ішінде ВИКШНИ, САЛЕНЕЖКИ, ЛАБАНЫ, РОМУЛИ, ЗЕЛТЫНИ, ДАРКЕВИЧИ, ОДЗИЕНА, РУЦАНИ, МЕЖРАТИТЕС, СИКСТУЛИ қыстақтарын алды.

КАУНАС (КОВНО) қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға ілгерлей отырып, 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде ДИДЗЮЛИ, КАЛЬНИШКИ, БУТКИШКИ, КРУКИ, ИЛГОВО, ЮРГБУДЗЕ, СТОШКИ, ДЫДВИЖЕ, ДРЕЙБУЛИНЫ, СЕМЕНЕЛИШКИ үлкен қыстақтарын алды.

СЕДЛЕЦ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз 70-тен аса елді жерлерді, оның ішінде КАМЕНЬЧИК, ДЗЕЖЬБИ, ЯБЛОННА, РОГУВ, КЖУХУВ ЯРОСЛАВЫ, КОВЕСЫ, СЬВИНЯРЫ, МОКОБОДЫ, МЕНЧИН, ПРОШЕВ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

САН және ВИСЛА өзендерінің тоғымқан жеріндегі үшкізде әскерлеріміз дұшпанның табан тіреген позициясын жою үшін ойдағыдай ұрыстар жүргізе отырып, РОЗВАДУВ, ТАРНОБЖЕГ қалаларын, сол сияқты 30дан аса басқа да елді жерлерді, оның ішінде МАЙДАН, СҚОВЕЖИН, ВЖАВЫ, ГОЖИЦЕ, СОБУВ, МОКШИШУВ үлкен қыстақтары мен РОЗВАДУВ, ЗЫДНЮВ, СОБУВ, ТАРНОБЖЕГ темір жол станцияларын алды.

САНДОМИР қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауында табан тіреген позициясын кеңейту үшін ұрыстар жүргізе отырып, бірнеше елді жерлерді алды.

ЖЕШУВ қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, 40тан аса елді жерлерді, оның ішінде ВОЙКОВ, РОЖНЯТЫ, МЛОДОХУВ, ЦЫРАНКА үлкен қыстақтары мен ПАДЕВ, ЯСЬЛЯНЫ, ХОЖЕЛИУВ темір жол станцияларын алды.

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, СТРЫЙ өзенінен өтті, сөйтіп 5 августа, үлкен темір жол торабы және немістердің Карпат тауларының етегіндегі маңызды тіректі қорғану бекінісі—СТРЫЙ қаласын тіке шабуылмен алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс жоқ.
4 августа әскерлеріміз барық майдандарда немістердің 128 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректерімен дұшпанның 85 самолеті атып түсірілді.

5 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

6 августа ПСКОВ қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, 30дан аса елді жерлерді, оның ішінде ШУБЕНКИ, ЛАПКОВА, ЛАУРА, ЗАХАРЬЕВА, ҚУСТОВКА, ЛЮБЯТОВА, БЛУМРЕЙНИ, СВЯРИ, ДУНДУРИ, МЕЖАГАЙЛИ қыстақтарын алды.

РЕЗЕКНЕ (РЕЖИЦА) қаласының батыс жағында әскерлеріміз 40тан аса елді жерді, оның ішінде ВИЛКАТЭ ЯНУЗЕМИ, ЛЬЕГРАДЭ, КРИПАНИ СИЛГАЛИ қыстақтары мен МЕЖЦИЭМС темір жол станциясын ұрыспен алды.

КАУНАС (КОВНО) қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінен өтіп, 30дан аса елді жерлерді, оның ішінде МИЛОШАЙЦЕ, МАНКУНЫ, РОЖАЙЦЫ, ИОДАЙЦЕ, ПОГОВСАНЦЫ, КАРАЛЬГИРЫ, ВАМБОЛЕ қыстақтарын ұрыспен алды.

САНДОМИР қаласының шығыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің оң жақ жағалауындағы, Сан өзенінің оң жақ жағалауындағы, Сан өзенінің құйылысынан ТАРНОБЖЕГ қаласына дейінгі дұшпанның табан тіреген қамалын жойды.

ЖЕШУВ қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз МЕЛЕЦ қаласы мен темір жол станциясын алды және ВИСЛОКА өзенінен өтіп, оның батыс жағалауында 20дан аса елді жерлерді, оның ішінде ОСТРУВЕК, УЙСЬШЕ, БОРОВА, ГЛИНЫ, МАЛЫ, САДКОВА ГУРА, СУРОВА, ЛЫСАКУВЕК, ГРАДЫ, ВОЛЯ ПЛАВСКА, ЗЛОТНИКИ, СЕНДЗЯМОВИЦЕ үлкен қыстақтарын алды.

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай күшейтіп, 6 августа, қатынас жолдарының маңызды торабы және душпанның тіректі қорғану бекінісі, облыс және өнеркәсіп орталығы ДРОГОБЫЧ қаласын тіке шабуылмен алды, сол сияқты 50 ден аса басқа да елді жерлерді, оның ішінде Дрогобыч облысының аудан орталығы МЕДЕНИЦА қаласын, Станислав облысының аудан орталығы БОЛЕХОУВ қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс жоқ.
5 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 151 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректерімен дұшпанның 108 самолеті атып түсірілді.

Псков қаласының оңтүстік-батыс жағында дұшпан өзінің бұрынғы дайындаған қорғану шебіне бекініп, қатты қарсылық көрсетті. Кеңес гвардияшылары күшті зенбірек атысынан кейін шабуылға шығып немістердің қорғану шебін бұзып өтті. Шабуылды күшейте отырып, әскерлеріміз Лаура қуатты қорғану бекінісін солтүстік және оңтүстік-батыс жақтан орап алды да бір мезгілде үш жақтан соққы беріп неміс гарнизонын талқандады. 600ден аса гитлершілдер қырылды. Дұшпаннан олжа және адамдар қолға түсірілді.

Каунас (Ковно) қаласының солтүстік-батыс жағында Дубисса өзенінің алқабында ұрыстар жүргізілді. Кеңес әскерлерін Дубиссадан өткізбеу үшін немістердің жасаған барлық әрекеті іске аспайды. Сапер бөлімшелеріміз дұшпан жаудырып оққа төтеп бере отырып көпірге жетті. Кеңес жаяу әскерлері, оның ішінде танктеріміз бен зенбіректеріміз өзеннен өтті де немістерге тап берді. Қатты ұрыстардан кейін әскерлеріміз кең учаскеде Дубисса өзенінің батыс жағалауын гитлершілдерден тазартты. Бір күнгі ұрыстарда бір полктей неміс жаяу әскерлері жойылды.

Каунас қаласының батыс жағында дұшпан қатты қарсылық көрсетті. Немістер үздіксіз тың күштерін екілесті жатты. Германиядан жаңа ғана келген «Шығыс Пруссия» 1-гренадер дивизиясы ұрысқа қосылды.

Бүгінгі болған ұрыстардың нәтижесінде кеңес жаяу әскерлері мен танкшілері дұшпанның көптеген атыс ұялары мен және сауытталған қалпақтармен берік жабдықталған танкке қарсы терең орлағы мен траншеялардың 3 шебін бұзып өтті. Ұрыс даласында жаудың 800 өлігі қалды. Немістердің 26 танкі және көптеген зенбіректері жойылды.

4-Украин майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай күшейтті. Кеңес бөлімдері батпақты жерден өтіп Меденица қаласын алды да Дрогобычке төнді. Карпат арқылы өтетін асулардың іргесіне қамал болған, қатынас жолдардың маңызды торабы және душпанның тіректі бекінісі—Дрогобычты қорғауға дұшпан ірі күштерін әкеліп келді. Әскерлеріміз жаудың қарсылығын жеңіп және оны өкшелете қуа отырып қалара жақындады. Бүгін әскерлеріміз Украинаның облыс орталығы—Дрогобыч қаласын тіке шабуылмен алды. Дұшпан адам күші және техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырады. Дұшпаннан оқ-дәрі, азық-түлік және соғыс мүлкі қойылған ірі складтар, көптеген вагондар, паровоздар, автомашиналар тағы басқа олжа қолға түсірілді.

Қызылтулы Балтық Флотының авиациясы Фин қолтығында дұшпанның 2 траляцигі мен 1 күзет катерін суға батырды.

Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев жолдасы Қазақ КСР Сыртқы Істер Халық Комиссары етіп тағайындау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаев жолдас Қазақ КСР Сыртқы Істер Халық Комиссары болып тағайындалсын.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі Э. ҚАЗАҚБАЕВ.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Секретарі С. НУРМАҒАМБЕТОВ.

Алматы қаласы.
1944 жылғы 4 август.

МЕМЛЕКЕТКЕ АСТЫҚ ТАПСЫРУ— КОЛХОЗДАРДЫҢ БІРІНШІ ПАРЫЗЫ

Мемлекетке 450 центнер астық тапсырылды

БУЛАЕВО. (Өз тілшімізден). Егін жыйнау басталмастан бұрын, Булаев ауданының барлық колхоздарында жұмыс жоспары жасалды. Олар колхозшылардың жалпы жыйындысында кең түрде талқыланып, ҚК(б)П аудандық комитетінің бюросы мен еңбекшілер депутаттары аудандық кеңес атқомінің мәжілісінде бекітілді.

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер жұмыс жоспарын жасауға белсене қатысып, егін жыйнау жұмысын қысқа мерзімде өткізуге, астық ысырабына жол бермеуге міндеттенді. Егін жыйнау жұмысында еңбек әсересе «3-яңилетка» ауыл шаруашылық артелиінде жақсы ұйымдастырылды. Мұнда күздік егін орудың жұмысы 5 күнде аяқталды. Колхозшы Бадай Қасенов жасының 60тан асқанына қарамастан, қолшаптымен күнсайын 1,5 гектар қара бидай орып отырды. Бұл колхоздың басқа мүшелері де үлгі алды.

Колхозшылар күздік егінді орып болысымен, оны бастыру және дайындау пунк-

тіне астық тапсыру жұмыстарын дереу бастады. Олар мемлекетке астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерінің есебіне қазірдің өзінде 252 пұт қара бидай өткізді.

Сталин атындағы ауыл шаруашылық артели де қара бидай оруды жоспарын орындауға жұмысқа бұл ауыл шаруашылық артелинің мүшелері мемлекет алдындағы бірінші парызды мерзімінен бұрын өтеу үшін, қажірілі еңбек істеуде. Олар элеваторға 121 пұт астық жөнелтті. Жаңа астықтан мемлекетке «Победа» ауыл шаруашылық артели 618 пұт және «Гигант» ауыл шаруашылық артели 1208 пұт қара бидай тапсырды.

6 августа Булаев ауданының 11 колхозы алғашқы соғылған астықтан элеваторға 2700 пұт астық тапсырды. Колхозшылар шабуылдағы Қызыл Армияның тамаша жеңістерімен жігерленіп, мемлекет алдындағы бірінші парызды мүлтіксіз орындауға, сөйтіп, еліміз бен майданның азық-түлік қорын еселеп молайта беруге барлық күш-қайраттарын жұмсауда.

Алғашқы күндерде

Приешім ауданының бірсыпра колхоздарында қара бидайды оруды және алғашқы бастырылған астықты дереу мемлекетке тапсыру ісі ойдағыдай ұйымдастырылды.

«1-Май», «Красный интернационал», «Образцовый» және «Семеновод» ауыл шаруашылық артельдері қара бидайды оруды, майлау жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, астық тапсыру жұмысын қыздыра түсуде. Бастырылған астық қырманнан тікелей астық дайындау пункттеріне үздіксіз жіберіліп жатыр. «1-Май» ауыл шаруашылық артели мемлекет алдындағы бірінші парызды

өтеу есебіне деп, алғашқы күндерде мемлекетке 504 пұт қара бидай тапсырды.

Мемлекетке қара бидай тапсыру «Красный интернационал», «Образцовый» және «Семеновод» ауыл шаруашылық артельдерінде де өріс ала түсті. «Образцовый» ауыл шаруашылық артели бір күнде мемлекетке 144 пұт астық тапсырды.

—Майданда жеңімпаздықпен шабуыл жасаушы айбынды әскерлерімізге егіс даласында қажірілі еңбегімізбен көмектесеміз, —дейді колхозшылар.

М. ЕГІЗБАЕВ,

Чистян МТСдағы жайбарақаттық

ҚАРАҚОҒА. (Арнаулы тілшімізден) Егін жыйнау—ауыл шаруашылық жұмыстарының ең жауапты және шешуші кезеңі. Алай да мұны Чистян МТСның басшылары (директоры Назаренко, үлкен механигі Ломакин жолдастар) әлі түсіне алмай келеді. Мұны мына дәлелдер сыпаттай алады.

Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» қаулысына сәйкес жақында мемлекеттік комиссия бұл МТСтың егін жыйнауға әзірлігін тексерді. Тексерісте МТСтың егін жыйнауға толық әзірленбей отырғандығы анықталды. Мұнда 32 комбайнның 13 ғана жөнделген. Бұлардың ішінде бірнеше комбайн жұмыс істеуге жәрәмсіз. Мәселен, № 7 комбайнның моторының поршени сапасыз жөнделген, поршен цилиндрден әжептәуір қашық орнатылған. «Пламя» колхозына жіберілген № 1 комбайнда мотор шкивінің подшипнигі жоқ. № 1 СЗК, № 6 «Сталинец» және № 12 «Сталинец» комбайндары хажетті аспаптармен жабдықталмаған. «Толық жөнделіп шықты» деген комбайндарға астықты жүріп бара жатқанда түсіретін, дән тұтқыш және жапырылған егінді оратын құралдар орнатылмаған.

Тракторларды әзірлеуде де елеулі кемшіліктер бар. Қолда бар 49 трактордың 22 егін жыйнау жұмысына бөлінген еді. Бірақ бұлардың көпшілігі жұмысқа толық әзір емес. Ал бұл кемшіліктерді жоюға МТС басшылары әлі күнге шындап кіріскен жоқ. Олар комбайндар жөнделді деген ақпаратқа ғана мән болып отыр. МТСта 9 мототилка бар. Бірақ бұларды жөндеу ісі әлі басталған да жоқ. Бұған қарағанда молотилкалардың бйыл егін соғуға пайдаланылуы екі талай іс. МТС басшылары жұмыста сыңар-жақтылыққа салынып, егін орағына керекті ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарды жөндеуді мүлде ұмыт қалдырған.

Бұл қай ұқыпсыздық?

ПРЕСНОВКА. (Өз тілшімізден). Аудан колхоздарының егін жыйнау жұмысын ойдағыдай өткізуі МТСтардың колхоздарға көрсететін нақты көмегіне байланысты. Бірақ аудан колхоздары егін жыйнауды кешуілдететін қауіп бар. Бұған басты себеп—МТСтар комбайндарды осы уақытқа дейін толық жөндеген жоқ. Қолда бар 119 комбайнның 56 ғана жөнделді. Мұнымен қатар, бірталай комбайндардың жөнделу сапасы нашар.

Преснов МТСның қамтуындағы колхоздарда 4450 гектар қара бидай толық пісіп қалса да, небары 250 гектар ғана қара би-

дай орылды. Өйткені МТСтағы 38 комбайнның 18 ғана жөнделіп, колхоздарға жіберілді. Бірақ олар жөндеу сапасы нашар болғандықтан әлі тұқтап тұр.

Істің жөйі Баян МТСда да осындай МТС қарауындағы 17 колхоз егінді жай машиналармен ора бастады. Алғашқы күндерде «Тауағаш» және «Сарман» ауыл шаруашылық артельдері 15—20 гектар қара бидай оруды. Ал бұл колхоздардағы комбайндар жұмысқа әлі кіріскен жоқ.

МТС басшыларының бұл найқалуын егін жыйнау мерзімі сіре күтерме екен?

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарлары

ЛОНДОН, 5 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

«Одақтастар әскерлері Британияға қарай жедел ілгерілеп, ЛУДЕАК, МОРОН, ДЕРВАЛЬ және ЖАТОБРИАН төңірегіне жетті. Рен біздің қолымызда. Доль дүшпаннан тазартылды. Алдыңғы әскерлеріміз Фужерден өтті.

Одақтастар әскерлерінің екінші бір бөлімдері Ландивидің оңтүстік-шығыс жағында алға ілгерілеп барады. Морген үшін Уристар болып жатыр. Алдыңғы бөлімдеріміз Барантан ауданына жетті. Сен-Север орманының едәуір бөлігі біздің қолымызда тұр. Эв्रेसи мен Эске дүшпаннан тазартылды. Алдыңғы бөлімдеріміз Бакони және Амейе Сюр-Орн ауданында тұр.

Оңдефонтеннің алынуы нәтижесінде оңтүстік жақта позициямыз жақсарды. Бардоль шығыс және солтүстік-шығыс жағында дүшпанның жігерлене жасаған қарсы атакалары сәтсіз аяқталды.

Одақтастар авиациясы кеше жаудың Франциядағы соғыс орындарына шабуыл жасады. 5 августа қараған түнде орташа және жеңіл бомбардировщиктер дүшпанның транспорты мен шоғырланған әскерлеріне шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 6 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

«Одақтастардың бронетанк әскерлері Британияда Релонға дейін ілгеріледі. Екін-

ИТАЛИЯДАҒЫ СОҒЫС ҚЫЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН, 6 август. (ТАСС). Италиядағы Одақтастар әскерлерінің штабы Флоренция ауданында 8-армия бөлімдерінің Арноның оңтүстік жағында күнәулі бойына дүшпанның қарсыласу тораптарын жойғандығын, сөйтіп қазіргі уақытта Арно өзенінің оңтүстік жағалауына бекініп, дүшпанмен шайқасың тұрғандығын хабар етті. Бұдан әрі шығыс жақта 8-армияның бөлімдері Арно алабы мен Тибрдің жоғарғы шенінің алабы арасындағы таулы жердегі Альтучча биіктігін алды.

ЮГОСЛАВИЯДАҒЫ УРЫСТАР

ЖЕНЕВА, 4 август. (ТАСС). Югославиядан алынған хабар бойынша, Югославияның халық-азатты армиясының жоғарғы штабы, Дебар қаласы ауданында қатты урыстар болып жатқандығын хабар етті. Немістер бұл жерге тын күш әкелді. Стругадан Дебар қаласына қарай ілгерілеген неміс колоннасын Югославия әскерлері талқандады.

Черногорияда халық-азаттық армиясының бөлімдері жаудың әскерлерін Печ бағытына қарай өкшелеуге кууда.

Санджакта Югославия бөлімдері Приеполье-Белополье ауданын немістерден та-

Америка әскерлері Сен-Назерге жақындады

НЬЮ-ЙОРК, 5 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының Ассошиэтед Пресс агенттігінің тілшісі, америка әскерінің Сен-Назерге жеткендігін, сөйтіп мұнымен Бретань түбегін бөліп тастау ісін аяқтағандығын хабар етті. Американың алдыңғы бөлімдері бұдан бұрынғы хабарда көрсетілгендегіден едәуір алға ілгерілеген болу керек.

1100 бомбардировщиктің Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 5 август. (ТАСС). Сегізінші авиация корпусының қатарындағы 1100ден аса «Ушқыш қамалдар» мен «Либерейторлардың» 5 августа Германияның көптеген соғыс орындарына, оның ішінде Долбергендегі мұнай қорытатын заводқа, Фаллерлебендегі мұнай қоймасына, Магдебургтегі соғыс заводуна, Гапвергертегі, Лагенхаген мен Хальберштадтағы аэродромдарға, сол сияқты Брауншвейг және Бгелбург ауданындағы тағы басқа соғыс орындарына шабуыл жасағандығы Лондонда ресми түрде жарияланды. Күн райы қолайлы болды, бомбалау ашық күн райында жүргізілді. Бомбардировщиктерге «Мустанг», «Сандерболт», және «Лайтнинг», истребительдері жәрдемдесті.

ші бір бөлімдер Дольдің солтүстік-батыс жағында шабуыл жасауда болды. Витро мен Понтиви дүшпаннан тазартылды. Дианд, Ренн мен Витрода СС бронетанк бөлімдерінен адамдар қолға түсірілді. Одақтастардың екпінді отрядтары Сен-Малоға тағы жерде дүшпанға қарсы ұрысқа шықты.

Кеше таңертең дүшпан Реннді, Понторсон мен Авраншты бомбалады. Біраз зыян болды.

Нормандияда одақтастар әскерлері Сен-Север орманы арқылы алға ілгеріледі. Шандю-Буль қасында әскерлеріміз дүшпанның жаяу әскерлерінің қарсылығын кездестірді. Дүшпанның бронетанк бөлімдері мен парашютші әскерлері Мениль-Жильбер қаласында шабуыл жасауымызға қарсылық көрсетуде. Одақтастар әскерлері Вир қаласының орталығынан 1500 ярд жерде тұр. Солтүстік жақта біздің шабуылымыз кезінде тылда қалған дүшпанның қарсыласу торабы жойылуда. Алдыңғы бөлімдеріміз Онэ-Сюр Одонға келіп кірді. Орн өзенінің батыс жағалауында әскерлеріміз оңтүстікке қарай шабуыл жасап барады. Тюри-Аркурдың солтүстік жағында 1 миль жердегі Ле-Ом деревнясына дейінгі биіктіктердің бәрі біздің қолымызда тұр.

Одақтастар авиациясы жаудың соғыс орындарына бірсыпра шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 6 август. (ТАСС). Рейтер агенттігі, Америка әскерлерінің Британияда Лаваль және Майени қалаларын алғандығын хабар етті.

Адриатик секторында одақтастар әскерлері Миза өзенінің солтүстік жағында 3—4 километр алға ілгерілеп, Скапеццано қаласын (Адриатик жағалауындағы Сенигаллиядан 4,5 километр жерде) алды, сөйтіп қаланың солтүстік жағында дүшпанға қарсы ұрыс жүргізуде. Майданның басқа учаскелерінде өзгеріс болған жоқ.

Одақтастар авиациясы жаудың позициялары мен қатынас жолдарын бомбалады.

зартып, Съеница бағытында шабуыл жасап барады.

Шығыс Боснияда Бласеницеге тағы да өтпекші болған неміс колоннасы талқандалды.

Батыс Боснияда Ливнодан Гламочқа қарай өтпекші болған немістердің әрекеті сәтсіз болды.

Югославия бөлімдері солтүстік Далмацияда шабуыл жасай отырып, Ервеник пен Жегарды алды, сөйтіп Буковица мен Равны Котар төңірегіндегі алаңның едәуір бөлігін немістерден тазартты. Халық-азаттық армиясының бөлімдері Книннің оңтүстік жағында Косово Полеге келіп кірді.

Стамбулда „Тюркише пост“ және „Бейоглу“ газеттері жабылды

СТАМБУЛ, 6 август. (ТАСС). Түркия өкмет орындарының бұйрығы бойынша «Тюркише пост және „Бейоглу“ газеттері жабылды.

НЬЮ-ЙОРК, 1 август. (ТАСС). «Нью-Йорк Таймс» газетінің хабарына қарағанда, Бономи үкметі фашистерді жауапқа тарту жөнінде заң жариялаған.

Заңның негізгі мақсаты қылмысшы фашист басқыншыларды жазаға тарту. Заң үш бөлімнен құралған: біріншісінде қылмысшы фашистерді жазаға тарту, екіншісінде—азаматтық мекемелерді тазалау, үшіншісінде— фашистердің мал-мүлкін конфискулеу ісі көрсетілген.

Фашист басшыларға ешқандай аяшылық болмайтындығы ресми түрде жарияланған.

Бұхара палатасында Черчилльдің сөзі

ЛОНДОН, 2 август. (ТАСС). Ули Британияның Премьер-министрі Уинстон Черчилль бүгін бұхара палатасында ұзақ сөз сөйлеген, ол өзінің сөзінде, соғыстың жаңы таллап айтқан.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.